

## **"Әлеуметтік мәні бар ауданаралық жолаушылар теміржол қатынастарының тізбесін бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 19 мамырдағы № 25 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 1 маусымдағы № 205 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 мамырда № 6317 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Әлеуметтік мәні бар ауданаралық жолаушылар теміржол қатынастарының тізбесін бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 19 мамырдағы № 25 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5532 нөмерімен тіркелген, 2016 жылғы 14 маусымда "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде, 2016 жылғы 22 маусымда "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облыстық мәслихатының  
кезектен тыс 20-сессиясының төрағасы*

*К. Үйреков*

*Қызылорда облыстық  
мәслихатының хатшысы*

*Н. Байқадамов*

Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы "01" маусым № 205 шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 19 мамырдағы №25 шешіміне қосымша

## **Әлеуметтік мәні бар ауданаралық жолаушылар теміржол қатынастарының тізбесі**

№	Қатынастар
1	Қызылорда – Бесарық (Жаңақорған ауданы)